

Ресми рецензенттің диссертациялық жұмысқа

ШІКІРІ

**Жаменкеев Ержан Ерболатович Музыкадану саласындағы
БД040400 – Дәстүрлі музыкалық өнер мамандығы бойынша
«Философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті»
атты диссертациялық жұмыс**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламасымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы. Бүгінгі жаһандану үдерісіндегі дәстүрлі аспап өнері саласындағы тың шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңашылдықтар мен әлемдік деңгейдегі жаңа тенденцияларға бет бұру заман талабынан туындап отырғаны айғақ. Жаһандану ағымында пайда болған құбылыстар заңды түрде дәстүрлі музыка мәдениетінде де көрініс табады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу», – деп айтқан сөзінің түбінде ұлтымыздың дәстүрлі мәдениетіне деген қамқорлық пен насихаттау мәселелері жатқанын ескеруіміз қажет. Қайталанбас дәстүрлі өнеріміздің өзіндік ерекше болмысын сақтай отырып, оны жаңа сипатта жаңғырту – қазіргі мәдениет қайраткерлеріміздің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Осы ретте бұрын-соңды арнайы зерттеме мәселесі болмаған тақырыптағы «Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті» атты диссертациялық еңбектің жалпы ғылыми мен жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы өте тығыз және өзектілігі терең деп айтуға әбден болады.

Диссертациялық жұмыстың өзегі болып табылатын әзіл күйлер жалпыәлемдік күлкі мәдениетінің контекстінде қарастырылған. Оны жан-жақты зерттеу мақсатында күлкі құбылысының әлем мәдениетіндегі ролі, қызметі, маңызы, семантикасы жайындағы деректер қамтылған. Солай, қазақтың дәстүрлі өнеріне тән аталмыш тақырыптық бағыт жалпыәлемдік, туыстас түркі әлемінде және жеке қазақ ұлттық шеңберде көрініс тапқаны айқындалған. Мұндай тәсілдеме заманауи жаһандану ағымымымен тығыз байланысты болып табылатын интеграциялық үдерістерді де айғақтап отырғаны анық.

Зерттемеде бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген бұл тақырып халық менталитетінің түпкі тұстарын тереңінен ашып көрсете алатын өткір құрал болып табылатыны дәйектелген. Түбі ғасырлар қойнауында жатқан күлкі, әзіл дәстүрі ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басына дейін үзілмей, эволюцияланып, дамып келген. Тек кеңестік үкіметінің идеологиясына сай келмеген бірталай тұстары заман талабына сай жоғалып, қазіргі таңда болмысы едәуір өзгерген. Жоғарыда келтірілген Елбасымыз ұсынған ұлттық кодты, ұлттық сананы жаңғыртып, сақтап қалу саясатын жүзеге асыру ісінде осы диссертацияның маңызы орасан зор.

2. Квалификацияланған ғылыми жұмыс бойынша (PhD) философия докторы академиялық дәрежесін алу талаптары аясында қол жеткізген ғылыми нәтижелері. Диссертациялық зерттеу жүргізу барысында ізденуші алға қойған мәселенаманы жан-жақты зерделей келе, келесі ғылыми негізделген нәтижелерге қол жеткізген:

1. Қазақтың дәстүрлі музыкасындағы күлкі мәдениеті жалпыәлемдік өркениет контекстінде зерделенген.

2. Күлкі мәдениетінің архаикалық табиғи құбылыстары заңдылықтарының салынан, ежелгі дүниетаныммен байланысты ғұрыптық жоралармен байланысты туындап, эволюцияланғаны анықталған.

3. Қазақтың әзіл күйлеріне тән түпкі теориялық (интонациялық, ырғақтық, композициялық) және орындаушылық (визуалды және техникалық – қағыс, рәуіштілігі (нюансировка), домбыра құрылысы – жылжымалы пернелер, олардың болмауы, т.с.с.), семантикалық нышандары жете айқындалған.

4. Әзіл күйлері аңызына, тақырыбына, құрылымына, музыкалық мәтіні мен көркемдік орындаушылығына қарай жіктеліп қарастырылған.

5. Музыкалық материал архаикалық үлгілерімен қатар, ауызекі-кәсіби композиторлардың шығармашылығын да қамтып, солардың негізінде ортақ тұжырымдамалар берілген.

6. Әзіл күйлердің басқа да өнер түрлеріндегі әзілдік сипаттарымен байланысы айшықталған.

3. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, түйіні мен қорытындысының дәйектілік деңгейі мен нақтылығы. Диссертанттың ғылыми негіздемесі терең болып табылатын зерттемесінде қол жеткізген қорытындыларының, түйіні мен нәтижелерінің ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары. Оған бірнеше жайт дәлел болып отыр:

– ізденуші жұмысын салыстырмалы-теориялық, тарихи-типологиялық және кешенді әдістерге құрып отырып, таңдалған мәселенаманы жан-жақты ашып, көрсете білген;

– ғылыми және методологиялық негізі бай, көлемді, ауқымды әдебиетпен жұмыс істеген зерттеушінің еңбегінде берілген әрбір ойының дәйектілігі айғақ;

– сонымен қатар, өзінің орындаушылық тәжірибесі мол диссертант сараланып отырған тың музыкалық материалды тәжірибе жүзінде де еркін игерген, әрі сол мәліметтерді дәлелді түрде жете зерттей білген;

– осыған байланысты зерттемеде келтірілген орындаушылық және музыкалық-теориялық саралау, талдау, жүйелеу, классификациялау үрдістері иланымды атқарылған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі. Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық еңбек жан-жақты ашылып, әртүрлі әдістемелік тәсілдерге құрылып, бай әдеби қорға

сүйенген, көптеген тың материал өңделген. Осы көрсеткіштердің барлығы зерттеудің келесі жанашылдықтарын айғақтап отыр:

Біріншіден, жұмыста алғаш рет қазақтың **әзіл күйлері** ұлтымыздың ауқымды дәстүрлі күй өнерінің жеке бір тақырыптық ірі саласы ретінде **зерттеу нысанына алынып отыр**. Қазақтың күй өнері хақында зерттелген көптген еңбектер аталмыш жұмысқа негіз болған, бірақ нәтижесінде өзіндік жаңа мәселенама қозғалып отыр. Халықтың ілкі заманда қалыптасқан менталитетінің, рухани құндылықтарының айқын көрінісі болып табылатын әзіл күйлер халық өмірімен, болмысымен, дүниетанымымен біте қайнасып жатыр. Сол себепті бұл маңызы биік тақырыптың ғылыми-зерттеу нысаны болғаны заңды әрі қажетті.

Екіншіден – **әзіл күйлер, көпсарынды күйлермен қатар, көңілді күйлер аясында қарастырылған**. Әзіл күйлер қатарына ізденуші тақырыбы мен аңызы тыңдаушының көңілін көтеріп, күлкісін келтіретін күйлер тобын жатқызады. Ал көпсарынды күйлер деп музыкалық тілінде тек әзіл элементтері ғана байқалатын туындыларды атап өткен. Оған мысал ретінде Тәттімбеттің «Бес төресі», Есбайдың «Терісқакпайы», Сүгірдің «Бес жорғасын» жеке айтуға болады, бірақ диссертант бұл топ күйлері қарастырылып отырған зерттеме нысанына алынбағандығын, оның жеке ғылыми проблема ретінде зерттеуді талап ететін тақырып екенін белгілеген.

Үшіншіден, еңбектің негізгі нысаны боп отырған **әзіл күйлер үш тақырыптық бағытқа бөлініп жүйеленген**: олар салиқалы, емеурін, бейәдеп (бәдік, арыс, дөрекі, есер) әзіл күйлер. Әрқайсысына жеке сипаттама бере келе, зерттеуші әрі бұдан былай зерттеме барысында талдау, саралау жұмыстарында осы жүйені негіз етіп отырған.

Төртіншіден, әзіл күйлерінің көзге көрінбейтін, құлақпен қабылданатын **семантикалық белгілері айқындалған**. Әзіл күйлерінің семантикасы тұрақты стереотипті қайталауларға негізделген. Әзіл күйлерінің көрнекті нышандары:

– бірнеше дыбыстың лига арқылы шапшаң әрі бірнеше қайталана алынуы немесе секвенция түрінде орындалуы.

– пунктирлі ырғақтардың пайдаланылуы – нақтырақ айтқанда, түрлі екпіндегі қағыстармен оң қолдың ішкі және сыртқы жақтарымен тұтып тарту.

– глиссандоны бірнеше рет үздіксіз тарту.

Осылайша әзіл күйлердің әр тақырыптық саласының өзіндік орындаушылық және музыкалық-теориялық негіздемесі, олардың көркемдеу тәсілдері, семантикалық белгілері мен визуалды-көркемдік ерекшеліктері анықталып, белгіленген. Мысал ретінде диссертацияда ноталық үлгілермен қатар, ойнау әдістерін суретпен сипаттау пайдаланылған.

Бесіншіден, әрбір қазақ күйінің міндетті түрде аңызы бар екені айқындала отырып, **әзіл күйлер басым түрде айтыс-тартыс кезінде кенеттен дүниеге келетін табиғи ықпалы бар құбылыс** екені ашылып, оған да көптеген мысалдар келтірілген.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы. Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық еңбек қисынды әрі жүйелі құрылған. Әрбір бөлімі логика жолына сәйкес бірін-бірі жалғастырып отыр. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі сақталған, әдістемелік ой-тұжырымдар мен ғылыми-теориялық негіздемесі бірін-бірі толықтыра, сабақтастырыла баяндалған. Қойылған болжам расталып, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

6. Қол жеткізген ғылыми нәтижелердің теориялық және қолданбалы бағыттағы өзекті мәселелерді шешу деңгейі. Зерттеме нәтижелері қазіргі заманда өзекті болып табылатын мәселелерді шешу жолында көптеген нәтижелі жұмыстарға алып келері анық. Әсіресе, дәстүрлі аспаптық музыка саласындағы ғылыми және орындаушылық бағыттағы, халықтық менталитет, этнография, пәлсапалық көзқарастарын зерделеу жұмыстарында ғылыми-ақпараттық жағынан да, тәжірибелік жағынан да құнды материал болып табылады.

Сөйтіп, бұл жұмыстың негізгі ойлары музыкатану, филология, философия, мәдениеттану салаларында ұқсас бағытта жазылатын ғылыми еңбектерге арқау бола алады. Еңбектің негізгі тұжырымдары мен түйіндері орта және жоғары білім беру жүйелерінде дәстүрлі музыкаға қатысты «Қазақ музыкасының тарихы», «Этносольфеджио», «Орындаушылық өнер тарихы», «Мамандық» пәндердерінде пайдаланылады. Ұлттық дәстүрлі мәдениетімізді қастерлейтін қауым үшін біліктілігін толықтыра түсетін құрал болады. Сондай-ақ заманауи телеарналарда өткізілетін көпшілікке арналған арнайы бағдарламалардың да ақпараттық өзегін құрауға қолданыста бола алады.

7. Диссертациядағы негізгі ойлар, нәтижелер, қорытындысы мен тұжырымдарының жариялануының толыққандылығының айғақтығы.

ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің диссертациялық жұмыстарға қойылған талаптарына сай, зерттеме барысында қол жеткізген қағидалар мен нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар жеткілікті түрде жарияланымдарда мақұлданған. Олар 1 шетелдік импакт-факторлы ғылыми басылымда, 3 ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналда, 3 халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында, оның 1 шетелдік конференция (Вена, 2018) және 2 отандық. Осылайша барлығы диссертанттың 7 ғылыми мақаласы жарық көрген.

8. Түйіндеменің диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Диссертация құрылымының ішкі тұтастығын ізденуші түйіндемесінде ғылыми талаптарға сай көрсете білген. Диссертация аңдатпасы еңбек мазмұнына толық сәйкес келеді.

9. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер. Жаңашылдығы мол, әдістемелік негізі мен әдеби қамтылуы кең, талдау-саралау жұмыстары мазмұнын жан-жақты ашып, әрбір ойды дәйектеп тұрған зерттеу еңбегінің мазмұны мен рәсімделуіне қатысты шамалы кемшілік тұстарын да атап өту қажет:

1. Менің ойымша, күлкі мәдениетін ұлттық менталитеттің ерекше бір тұсы – астарлап сөйлеу, астарлап қалжыңдау мәдениетімен де байланыстыра кету жөн болар еді. Себебі диссертацияда келтірілген әрдайым 2 және одан да көп шешімі бар көпмағыналы жұмбақ, жаңылтпаштарда, әзілде де астарлап келтірілетін тұстары жиі кездескен. Астарлы сөз – қазақтың төл, айрықша ұлттық қасиеті болып табылады, әрі ол қазақы шешендік сөз, әзіл-қалжың мәдениетінің туындауына мол ықпалын тигізгені анық. Сондай-ақ, ол ежелгі ұлттың пәлсапалық, дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланысты.

2. Зерттеу еңбегінде ұлттық менталитеттің бүге-шегесін қазып ашу үшін ауыз әдебиетіне қатысты еңбектер де ауқымды пайдаланылған. Олардың ішінде Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов, А.Сейдімбек, Ш.Мұртаза сынды беделді ғалымдардың еңбектеріне сүйенгені көрініп тұр. Дегенмен, қазіргі таңда да, кеңес өкіметі кезінде де қазақ әдебиеті мен ұлттық менталитеттің ұйытқысы болып табылатын М.Әуезов институтында шыққан соңғы жылдардың басылымдарымен ізденушінің таныс болуы құпталады. Соңғы жылдарда шығып біткен 100 томдық «Бабалар сөзі» кітаптарын, диссертацияда бірнеше рет айтылған қазақ ертегілері жөніндегі фольклортанушы академик С.Қасқабасовтың еңбектерін, ұлттық санамыздың тұңғық тұстарын жете зерттеген М.Әуезовтың, музыкатану саласында ұлттық менталитеттің қыр-сырын ашып жүрген С.Ә.Күзембайдың зерттемелері осы диссертацияның құндылығын байыта түсері анық. Сонымен қатар, қарастырылып отырған ғылыми жұмыста түркі халықтарының мәдениеті хақында да бірнеше рет әңгіме қозғалады. Бұл тұрғыдан В.В.Радловтың еңбектерін де қарап өткен жөн болар еді.

3. Қазақтың дәстүрлі қоғамдағы салт-жоралғысындағы әзіл мәдениеті айтылған жерде, әсіресе үйлену ғұрыптық салтына байланысты баяндалған тұстарында, Ы.Алтынсариннің еңбегінде келтірілген құда тартысы туралы айтыла кетсе де, еңбектің мазмұны одан да толықтырыла түсер еді. Себебі үйлену рәсімдерінің арасындағы ең әзіл-қалжың, әжуа-мазаққа толысы – осы құда тартысы болып келеді.

4. Диссертацияның рәсімделуіне келетін болсақ, мәтінде ауқымды берілген аңыз әңгімелерді қосымшаға берген жөн болар деп есептеймін. Жұмыстың күй аңыздарына арналған бөлімінде аңыздарға қосымшадан сілтеме жасап, тек саралау, дәйектеу, ғылыми тұжырымдар ғана баяндалуы орынды сияқты.

5. Сонымен қатар, жұмыстың мазмұнына зақым келтірмейтін техникалық олқылықтар кездеседі. Олар – стилистика жағынан (тавтология), әріптердің техникалық қателері, белгілеулердің және аудармалардың дәлсіздігі (16, 17-бб.), тире мен дефистердің дәл белгіленбеуі сияқты еленбейтін жансақ тұстар.

Аталған кемшіліктер еңбектің құндылығын, істелген кең ауқымды жұмыс дәрежесін кемітпейді, тек одан да байыта түсуіне ықпалын тигізеді. Осы тұрғыда ізденушіге бірнеше сұрақ туындап отыр:

1. Жұмыста жаңылтпаш, бәдік, қалмақ-құмық күйлерін «жанрлық топ» деп саралауға қандай себеп болды?

2. Түркі халықтарында қазақтың күйі сияқты философиялық мазмұнды және көркемдігі биік күрделі аспаптық музыканың өте белес алмағаны белгілі. Осы топ халықтарының дәстүрлі шығармашылығында да әзілге құрылған музыка үлгілері кең орын алған деген пікір білдіріп отырсыз. Басқа түркі этностарының аспаптық музыкасында қазақтың әзіл күйлеріне тән нышандарға ұқсас сипаттар кездесе ме?

3. Күй өнерінің тарихи эволюциясымен байланысты әзіл күйлердің даму процесінде қандай өзгерістерге ұшырағанын жіктеп бере аласыз ба?

4. Қазіргі көңіл көтеру индустриясының, соның нәтижесінде түрлі шоуларға қызығушылық белсенді даму дәуірінде, орындаушылық тұрғысынан сол шоу элементтеріне жақын әзіл күйлердің шоу әлеміне батып кетпей, өзінің көркемдік, философиялық құндылығын сақтап қалуға қандай іс-шаралар ұйғаруды жөн көресіз?

10. Диссертацияның өзіндік ғылыми квалификациялық жұмыс талаптарына сәйкестігі.

Жаменкеев Ержан Ерболатұлының 6D040400 – Дәстүрлі музыкалық өнер мамандығы бойынша Философия докторы академиялық дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті» атты диссертациялық зерттеуі ғылыми тұрғыдан аяқталған, әрі ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс. Зерттеменің жоғарыда белгіленген жетістіктерін алға ұстай отырып, Жаменкеев Ержан Ерболатұлы 6D040400 – Дәстүрлі музыкалық өнер мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп қорытындылаймын.

Пікір білдіруші:

ҚР Білім және Ғылым Министрлігі

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет

және өнер институтының жетекші

ғылыми қызметкері, өнертану кандидаты



З. Касимова

«26» қазан 2018 ж.

Қолды растаймын:
Қожалимова Б.К.

